Бекітемін_____

«Жан Айниет» бала бақшасының

меңгерушісі: М.К.Калыханова

«29_»__08__2023 ж.

«Екінші өмір сыйла» вариативтік бөлімі

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Балапан» ересек топ

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

ҚР Оқу-ағарту министрінің«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен мен толықтырылулармен, Қазақстан Республикасы Білім және министрінің атқарушының ғылым міндетін 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына негізделіп ересек топтарға 1 сағат вариативтік бөлімді жүзеге асыру бағытында 1 сағаты «Екінші өмір сыйла» атты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында «Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде жоспарланды.

Мақсаты:

Балаларды табиғатқа саналы және жауапкершілікпен қарауға баулу, оны келешек ұрпақ үшін сақтаудың маңызын түсіндіру. Экология негіздерімен таныстыру, балаларға табиғат және экологиялық процестер туралы базалық білім беру, байқағыштық пен білуге құштарлықты дамыту, балалардың қоршаған әлемді зерделеуге қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- балаларды экологияның негізгі түсініктерімен және заңдарымен таныстыру арқылы экология негіздерін оқыту; - балаларды табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға тәрбиелей отырып, байқағыштық пен білуге құштарлықты дамыту; – табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау дағдыларын жетілдіру арқылы экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру; - ата-аналар мен қоғамды балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен экологиялық әрекетіне жағдай жасауға тарту.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемі – 1 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 25-30 минут.

Ересек топтарға арналған
(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)
«Екінші өмір сыйлаймыз» вариативтік бөлімі

Мақсаты: балаларды экологиялық мәдениетке баулу, табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасауға қызығушылықтарын ашу, әрбір ескі затқа жаңа өң беруге, екінші өмір сыйлауға дағдыландыру.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	«Түрлі түсті қағаздан құрастырамыз»	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру	қыркүйек
2	«Күзгі бақ», «Сиқырлы жапырақтар»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру	қыркүйек
3	«Саңырауқұлақтар әлемі»	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту	қыркүйек
4	«Себет» оригами құрастырамыз	Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру	қыркүйек
5	«Құрттарды бейнелейміз»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету	қазан
6	«Гүлдер»	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру	қазан
7	«Тасбақа»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру	қазан
8	«Кірпі»	Балаларды пайдалануға жарамсыз	қазан

		заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру	
9	«Шырпы қорабынан машина жасаймыз»	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	қараша
10	«Балықтар»	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету	қараша
11	«Сиқырлы қорап»	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету	қараша
12	«Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету	қараша
13	«Құстарды бейнелейміз»	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру	желтоқсан
14	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	желтоқсан
15	Шырша	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	желтоқсан
16	«Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс»	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру	желтоқсан

17	«Ақ қағазбен аққала жасаймыз»	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату	қаңтар
18	«Екінші өмір сыйла: ойыншықтар жасау»	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	қаңтар
19	«Пластикалық бөтелкеден пингвин жасау»	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету	қаңтар
20	«Ермексазбен жұмыс»	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	қаңтар
21	«Үй жасаймыз»	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету	қаңтар
22	«Көңілді шеберхана»	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретудіжалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену	ақпан
23	«Досыма сыйлық»	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	ақпан
24	Табиғи материалмен жұмыс: «Ит»	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру	ақпан
25	Табиғи материалмен жұмыс: «Көбелек»	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу	ақпан

26	«Анама ашықхат»	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау	ақпан
27	«Қамшы өру»	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу	ақпан
28	«Шаш өру»	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, бұрым жасауды үйрету. Өз шаштарына күтім жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу	наурыз
29	«Құстарға қамқорлық»	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету	наурыз
30	«Су бетіндегі қайық»	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту	наурыз
31	«Ермексазбен жұмыс: Құстар»	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау. Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; ермексазбен әр түрлі әдіспен жұмыс істеуге жаттықтыру	наурыз
32	Дәнді-дақылдармен жұмыс	Балалардың ұсақ қол мотрикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу	сәуір
33	«Көгершін» оригами құрастырамыз	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру	сәуір
34	«Жемістер мен көкөністер»	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру	сәуір
35	«Кеме»	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалғастыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.	сәуір

		Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту	
36	«Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін жасаймыз»	Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту	мамыр
37	«Ұшақ ұшады»	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	мамыр
38	Түрлі-түсті жармалармен жұмыс	Балаларға бастаған ісін аяқтауға тәрбиелеу, ұқыптылыққа баулу.	мамыр
39	Ермексазбен жұмыстар шеруі Шығармашылық көрме ұйымдастыру	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру	мамыр